



Сыр бойы

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет • 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады



МЕМЛЕКЕТТІК
РӘМІЗДЕРГЕ
30 ЖЫЛ

4 маусым, сенбі 2022 жыл

e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz

№82-83
(20356-20357)



www.facebook.com/syrboyi.kz/

www.instagram.com/syrboyi_kz

https://twitter.com/syrboyi

t.me/syrboyi_kz

ЕРКІНДІК НЫШАНЫНАН БИІК ЕШНӘРСЕ ЖОҚ

БҮГІН – МЕМЛЕКЕТТІК РӘМІЗДЕР КҮНІ

● ПРЕЗИДЕНТ

БАС ХАТШЫНЫ ҚАБЫЛДАДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстанға алғаш рет ресми сапармен келген Шанхай ынтымақтастық ұйымының Бас хатшысы Чжан Минді қабылдады.

Кездесуде аймақтық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, сауда-экономикалық және мәдени-гуманитарлық байланыстарды нығайту сияқты басым бағыттар бойынша Қазақстанның Шанхай ынтымақтастық ұйымымен арадағы ықпалдастығына қатысты мәселелер талқыланды. Сондай-ақ қазіргі геосаяси жағдайдағы Ұйым қызметінің негізгі аспектілері қарастырылды.

Қасым-Жомарт Тоқаев Чжан Минге илтипат білдіре отырып, оның ШЫҰ-ның Бас хатшысы қызметіне геосаяси ахуалдың күрделі жағдайында, яғни Ұйымның ерекше рөл атқаратын кезінде кіріскенін атап өтті.

– Қазақстан – Шанхай ынтымақтастық ұйымының белсенді мүшесі. ШЫҰ-ның Бішкекте өткен саммитінде сөйлеген сөзіме оның халықаралық аренадағы ұйымдардың ішіндегі ең табыстысы екенін атап өттім, – деді Қазақстан Президенті.

Сонымен қатар Мемлекет басшысы ШЫҰ-ның кең ауқымды проблемаларды қамтитын күн тәртібінің бірегейлігіне баса мән берді.

– ШЫҰ, шын мәнінде, қайшылық туғызатын ұйым емес. Оның қызметі конструктивтілікке, мүше мемлекеттер арасындағы ынтымақтастықты дамытуға бағытталған. Сонымен қатар бұл Ұйым халықаралық жағдайды жақсартуға зор үлес қосуды көздейді. Сондықтан Қазақстан ШЫҰ-ның жұмысына белсенді қатыса береді және оның әлеуетін нығайтуға өзінің елеулі үлесін қосады, – деді Қазақстан көшбасшысы.

Мемлекет басшысы еліміздегі алдағы жалпұлттық референдумға байқаушылар миссиясын ұйымдастырғаны үшін ШЫҰ-ның Бас хатшысына ризашылығын білдірді.

Өз кезегінде Чжан Мин ШЫҰ-ға мүше басқа да мемлекеттердің көшбасшыларымен бірге өзін Ұйымның Бас хатшысы лауазымына тағайындау туралы шешім қабылдау кезінде сенім білдіріп, қолдау көрсеткенін үшін Қасым-Жомарт Тоқаевқа алғыс айтты. Ол Президентке Ұйымның әлеуетін және мүше мемлекеттермен арадағы ынтымақтастықты одан әрі нығайту үшін бар күшін салатынын жеткізді.

Дипломат Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық даму жолындағы жетістіктерін, Президенттің басшылығымен іске асырылып жатқан ауқымды реформаларды жағары бағалады. Чжан Мин Ұйымның әлеуетін арттыруға еліміздің қосқан елеулі үлесін және оны дамытуға белсенді атсалысатынын айтты.

Өңімелесу барысында Ұйымның Бас хатшысы Президентке қыркүйек айында Самарқандта өтетін Шанхай ынтымақтастық ұйымына мүше мемлекеттер басшылары кенесінің кезекті отырысына дайындық барысы туралы мәлімет берді.

Сонымен қатар Қасым-Жомарт Тоқаев пен Чжан Мин халықаралық күн тәртібіндегі өзекті мәселелер жөнінде пікір алмасты.



Бүгін еліміздің басты белгілері – Мемлекеттік рәміздердің қабылданғанына 30 жыл толды. Осына уақыт төрмізге аябай, жанымызға рух, көгімізге сән берген Елтаңба, Әнұран мен Туымыздың қадір-қасиетін қаншалықты бағалаймыз? Кейінгі күндері осы сұрақ қоғамда ең көп талқыланғандар қатарында.

Сб Гүлжазира ЖАЛҒАСОВА,
«Сыр бойы»

Әлеуметтік желіні дүр сілкіндірген бір оқиғада Шымкенттегі дүлей дауыл кезінде шатыр қирандысының арасынан көк Туымызды басын қатерге тігіп, алып шыққан қос азаматқа сүйсіндік. Олар тек көкте желбіреп тұруы тиіс қасиетті байрақ жерде тапталмасын деп алға ұмтылыпты.

Екінші оқиға осыған мүлде керісінше, өзін «әнішімін» деп есептейтін «жердегі жұлдыздар» Алматы стадионына жиналған

жастардың алдында көк Туымызды ұмадап, қала берді былапыт сөздер айтып айналдасына уын шашты. Өр намысты азаматтар дүр көтеріліп, рәмізді қорлағандарға қолданылатын жазаны қатаңдату, қасиетті сахнаны былғағандарға тыйым салу мәселесін күн қурағаттай көтеруде.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев бұл тақырыпқа орай өз ойын былай жеткізді:

3-бет



ОБЛЫС ӘКІМІНІҢ ҚҰТТЫҚТАУЫ

Қадірлі жерлестер!
Ардақты ағайын!

Баршаңызды Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздерінің қабылданғанына 30 жыл толуымен шын жүректен құттықтаймын!

Мемлекеттік Рәміздерді құрметпен ұлықтау – әр азаматтың парызы. Сондықтан да мемлекеттік нышандарды елдігіміздің ұраны, ұлттық рух сыйлар мақтаншыл символы ретінде насихаттауымыз керек.

Президент Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев «Көк байрақ, Елтаңба мен Әнұран әрбір қазақстандықтың жүрегіне мақтаншыл ұялатып, отаншылдық рухын асқақтатады» деп бұл күннің ерекше символдық мәні барын айрықша жеткізді.

Рәміздер – елдік пен егемендіктің нышаны ғана емес, Тәуелсіздігіміздің баға жетпес құндылығы. Бұл қасиетті ұштаған – азаттығымыздың бастауы.

Ардақты жерлестер!
Елтаңба ел төрінде нық тұрып, Әнұранымыз әр азаматтың жүрегіне жатталып, Көк байрақ көгімізде желбірей берсін!

Еліміз аман, жұртымыз тыныш, Тәуелсіздігіміз мәңгі болсын!

Құрметпен, облыс әкімі
Нұрлыбек НӨЛІБАЕВ

● МӘМІЛЕ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы басқарма төрағасының барлау және өндіру жөніндегі орынбасары Құрманғазы Есқазиевпен кездесіп, өңір үшін ортақ мәселелерді талқылады. Оның ішінде, келісім-шарт міндеттемелерін орындау, әсіресе бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі аясында Қызылорда облысында әлеуметтік нысандар салу мәселесі сөз болды.

МҰНАЙ КОМПАНИЯСЫ ОҚУШЫЛАР САРАЙЫН САЛАДЫ

Басқосуда облыс басшысы Талдықорған, Петропавл, Көкшетау қалаларындағы секілді заманауи Оқушылар сарайын салу және құрылыс жұмыстарын биылдан қалдырмауды ұсынды. Сондай-ақ, кездесу барысында «ҚазГЕРМұнай» еншілес компаниясы жұмысшыларының жалақысын кезек-кезеңімен көтеру мәселесі қаралды.

Облыс әкімі аймақ экономикасының негізгі саналатын мұнайды өндіру, экспорт көлемін арттыруда салалық министрлікпен қолдау білдіру туралы нақты ұсыныстарды жеткізгенін тілге тиек етіп, бұрғылау тереңдігін ұлғайту сынды өндірістік мәселелерді назарда ұстау керектігін қаперге салды.

Облыс әкімінің баспасөз қызметі



● ҒАНИ МҰРАТБАЕВ – 120

ТУҒАҢ ТОПЫРАҚТАҒЫ МЕРЕЙТОЙ

Шығыстың жарық жұлдызы Ғани Мұратбаевтың 120 жылдығына орай туған жерінде салтанатты іс-шара өтті.

8-бет



Жаз қызығы – жақсы демалыс

Мектеп жасындағы балалар үшін жаз мезгілінің маңызы ерекше. Күнделікті сабақтан босап, осы уақытты барынша қызықты әрі көңілді өткізуге тырысады.

Жыл бойы ұзақ оқу мен емтиханның өткен бала демалысты асыға күтетіні белгілі. Бала денсаулығын, ой-қабілеті мен спортқа бейімін нығайту іс-шараларын дұрыс өткізу оның жана оқу жылын сергек бастауына септігін тигізеді. Сондықтан елімізде оқушылардың жазғы демалысын пайдалы ұйымдастыру дәстүрі қалыптасқан. Білім беру мекемелері үшін бұл кезең үлкен білім беру жүйесінің бір бөлшегіне дейді.

Сб Аружан ЕРАЛЫ,
«Сыр бойы»

Былтыр оқушылар эпидемиологиялық ахуалға байланысты қашықтан білім алды. Онлайн форматта білім беру мен оқудың өзіндік жөн-жосығын ұстаздар мен оқушылар жақсы біледі.



Осыған орай шектеу шаралары кезінде жергілікті оқушылардың орнын толтыру үшін жазғы мектеп ұйымдастырылуда. Әрине, бұл – бала уақытын тиімді пайдалану үшін таптырмас мүмкіндік. Бір айта кетерлігі,

мұны өткізу қосымша қаржыны талап етпейді. Мұғалімдер бинарлы оқу жылына бекітілген тарификация бойынша жұмыс істейді. Сондықтан олар кезекті еңбек демалысына 20 маусымнан бастап шығады. Жазғы

мектептің бір ерекшелігі – оқушылар сабаққа еркін формада келіп, оларға үй тапсырмасы берілмейді. Бұл ретте үлгерімі төмен оқушылар басты назарға алынады.

8-бет



МЕМЛЕКЕТТІК
РӘМІЗДЕРГЕ
30 ЖЫЛ

ЕЛДІКТІҢ РУХЫН КӨТЕРЕТІН КҮН

Облыс әкімі аппаратының басшысы Шахмардан Байманов Қазақстан Республикасы Мемлекеттік рәміздерінің қабылданғанына 30 жыл толуына орай өңірлік коммуникациялар қызметінде арнайы брифинг өткізді.

Сб Гүлбану МАҚАЖАН,
«Сыр бойы»

Мерейлі мерекені атап өтуге арналған кешенді жоспар бекітілген. Жоспар бойынша жыл көлемінде 300-ге жуық әртүрлі форматтағы шара ұйымдастырылады. Оған 200 мыңға жуық азамат қатысады деп жоспарлана отыр. Бұл жұмыстар мамыр айында басталады. Кеше облыс орталығында тарихшылар мен сарапшылар қатысқан «Мемлекеттік

рәміздер – Тәуелсіздіктің символы» атты ғылыми-тәжірибелік конференция өтті. Ал Байқоңыр қаласында «Менің Туым – менің Отаным» атты патриоттық шеру болды. Шеру «ҚазҒарыш» сарпары» ғимаратынан бастау алып, «Арбат» аллеясына дейін жалғасты. Сондай-ақ, жастар арасында кіші футболдан турнир, ұлттық спорт түрлерінен сайыстар ұйымдастырылуда. «Арбат» аллея-

2-бет



● ОБЛЫС ӘКІМДІГІНДЕ

КӘСІПОРЫН ӨКІЛДЕРІМЕН КЕЗДЕСТІ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев отандық автокөлік және арнайы техникалар өндірісімен айналысатын «АгроماشХолдинг КЗ» акционерлік қоғамы және «Сарыарқа Авто Пром» мен «QazTechna» серіктестігінің өкілдерімен кездесті.



Жиында презентация арқылы қоғамдық көлік, медицина, полиция, ауылшаруашылық салаларына қажетті арнайы техникалар таныстырылды. Өз кезегінде облыс әкімі қала аумағында қатынайтын қоғамдық көліктердің санын көбейту, арнайы техникаларды алу жұмыстарын жүргізуде алдын ала талдау жұмыстарын жүргізіп, нақты қажеттілікті ескеру керектігін алға тартты. Талқылау соңында аймақ басшысы өңірдің тұрмыс-тіршілігіне қажетті техникаларды жанартудың маңыздылығына тоқталып, жауапты сала басы-ларына техниканы алу жолдарын заң аясында қарап, нақты ұсыныс беруді тапсырды.

Облыс әкімінің баспасөз қызметі



ШАЛА ШАРУАҒА ЕНДІ ЖОЛ ЖОҚ, әрбір жоба жемісті болуы тиіс

Аймақтың инвестициялық әлеуетін арттыру үшін жаңа жобалар керек. Бұл ретте облыс басшысы қала, аудан әкімдеріне инвестициялық жобалар арқылы қаржы тарту мәселесінде жұмысты ширату қажет екенін нақты тапсырған болатын. Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың төрағалығымен өткен жиында осы мәселе қайта қаралды.

Облыс әкімінің орынбасары Мархабат Жайымбетов Қызылорда қаласы мен барлық аудан үшін өзекті жобаларға қаржы бөлу және алдағы перспективалық жоспарлар туралы нақты талдау жүргізіп, Қызылорда облысында өзге өңірлермен салыстырғанда жобалар саны мен көлемі аз екенін алға тартты.

Мәселен, инженерлік инфрақұрылымды жүргізуге біздің аймақ жалпы құны 2,8 млрд теңгенің жобаларын ұсынса, көрші Маңғыстау облысы 26 млрд теңгеге ұсынып отыр. Басқа бағыттар бойынша да әзірлеген жобалар саны кем және

көрсеткіштер әлдеқайда төмен, – деді Мархабат Жайымбетов.

Жиында әр аудан және қала әкімдерінің инженерлік-коммуналдық инфрақұрылым орнату, ауызсу, көріз жүйелерін жақсарту, газ кіргізу, тұрғын үй салу, үйлерді қайта жаңғырту, электр желісін тарту, жылуға қосу сынды негізгі жобалары жан-жақты қаралып, кемшіліктері де ашық айтылды. Мысалы, Сырдария, Жалағаш, Шиелі аудандарының әкімдері инвестиция тартудан бюджет қаражатына қарап қалмай, демеушілер тартып, инвесторлар-

мен жұмысты күшейту қажет, – деді облыс әкімі.

Жиын барысында әкімдердің жұмысын саралаған аймақ басшысы қосымша инвестициялық жобаларды 10 күн ішінде әзірлеп, дайын жобалар бойынша қорытынды шығару және сараптама нәтижесін алуды тездету қажеттігін ескертті.

Ал, міндетін орындай алмаған басшылардың алдағы уақытта жауапкершілігі қаралатын болады. Сондай-ақ, облыс әкімі жоба әзірлеу барысында жол салу, ауызсу тарту және табиғи газ өткізу секілді мәселелерге басты көңіл бөліп, құрылыстың бағасын негізсіз асырып, жұмысты аяқтаудан бас тартқан мердігерлердің жауапкершілігін қарау қажет екенін қатаң тапсырды.

Облыс әкімінің баспасөз қызметі

● ТАҒАЙЫНДАУ

Басқарманың жаңа басшысы

Бейсенбіде облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың төрағалығымен актив отырысы өтті. Аймақ басшысы облыстық табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының жаңа басшысы ретінде Құрманбаев Марат Ердулұтұлыны тағайындады.



– Марат Ердулұтұлы – аймақтың тыныс-тіршілігімен етене таныс. Өңірде экология департаментін басқарған тұста қоршаған ортаны қорғау бойынша бюджетке қомақты қаржы түсірген тәжірибелі әрі іскер басшы. Жұмыс атқарған уақытта өзін білікті, жауапкершілігі мол, қоршаған ортаны қорғау мәселесінде ұйымдастырушылық қабілеті мол басшы ретінде көрсетіп келеді.

Сонғы жылдары елімізде қуаңшылық белең алып, соның ішінде Сырдария өзені суының тапшылығы мәселесі туындауда. Осыған байланысты, қазіргі кезде табиғатымызды сақтап қалу басты міндет. Бұл орайда, Марат Ердулұтұлы осы кезге дейін жинақтаған мол тәжірибесін күрделі де жауапты қызметте аянбай қолданатынына, іскерлік қабілетін облыстық табиғат қорғау саласын дамытуға арнап, саланың тамырына қан жүгіртеді деп сенеміз, – деді Н.Нәлібаев.

Марат Құрманбаев 1963 жылы Қызылорда облысында дүниеге келген. Жамбыл гидро-мелиоративтік-құрылыс институтын «инженер-гидротехник» мамандығы бойынша бітірген. Еңбек жолын 1980 жылы «Қызылордаводострой» тресіне қарасты ПМК-9 мекемесінде жұмысшы болып бастаған. Аталған мекемеде 1990 жылға дейін бригадир, өндірістік жоспарлау бөлімінің инженері, гидротехникалық құрылыс жөніндегі мастері қызметтерін атқарған.

Мемлекеттік қызметтегі еңбек жолын ең төменгі сатыдан бастап, кәсіби біліктілігі мен жоғары ұйымдастырушылық қарым-қабілеті арқылы Қызылорда облыстық табиғатты қорғау комитеті Жалағаш аудандық басқармасының басшысы, Арал-Сырдария экология департаментінің мемлекеттік экологиялық инспекция бөлімінің бастығы, облыстық қоршаған ортаны қорғау басқармасы бастығының орынбасары – Бас мемлекеттік экологиялық инспекторы қызметтерін атқарған.

Экология саласының майталманы ретінде ол 2013-2014 жылдары Қоршаған ортаны қорғау және су ресурстары министрлігінде Экологиялық реттеу және бақылау комитетінің Қызылорда облысы бойынша экология департаментінің басшысы, 2015-2019 жылдары Энергетика министрлігінде мұнай-газ кешеніндегі экологиялық реттеу, бақылау және мемлекеттік инспекция комитетінің Қызылорда облысы бойынша экология департаментінің басшысы, 2019 жылдың тамыз айынан бастап экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінде Экологиялық реттеу және бақылау комитетінің Қызылорда, Жамбыл облыстары бойынша департамент басшысы қызметтерін абыроймен атқарды.

Департаментке жетекшілік етеді

ҚР Ұлттық экономика министрінің бұйрығымен, облыс әкімінің келісімі негізінде Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаментінің басшысы қызметіне Зеріпбаев Мирас Мақсетұлы тағайындалды.



Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев актив отырысында департамент басшысының жаңа қызметіне сенім білдірді.

– Мирас Мақсетұлы жас болса да еліміздің ірі мегаполистерінде жауапты қызмет жасаған. Сондықтан, жаңа қызметінде жинақтаған тәжірибесін, жастық жігер мен кәсіби әлеуетін аймақтың дамуына арнап, табиғи монополияларды реттеу саласын жүйелі қамтамасыз етуге келтіретін деп сенім білдіремін, – деді Н.Нәлібаев.

Мирас Зеріпбаев Алматы облысында дүниеге келген. Алматы энергетика және байланыс, сондай-ақ Қ.Сәтпаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеттерін бітірген.

Еңбек жолын «Авислогистик» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің экспедиторы ретінде бастаған.

Өр жылдары жеке секторда жауапты қызметтер атқарды.

2017-2020 жылдары Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті қорғау және тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитеті Электр энергетикасы саласын реттеу басқармасының сарапшысы болған.

2020-2021 жылдары Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Павлодар облысы бойынша департамент басшысының орынбасары.

2021 жылдан бастап осы кезге дейін Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Алматы қаласы бойынша департамент басшысының орынбасары қызметін атқарып келді.

Облыс әкімінің баспасөз қызметі



МЕМЛЕКЕТТІК РӘМІЗДЕРГЕ 30 ЖЫЛ

ЕЛДІКТІҢ РУХЫН КӨТЕРЕТІН КҮН

Республика көлемінде еліміздің Мемлекеттік Әнұранын орындау патриоттық акциясы өтеді. Бұл акцияны қолдау мақсатында біздің өңірімізде де ұжымдарда, кәсіпорындарда, ірі сауда орталықтарында, өзге де халық көп шоғырланатын орындарда таңғы сағат 09:00-де бір мезгілде Әнұран орындалады. «Agaу City Mall», «Жібек жолы» сауда үйлері мен «Арбат» бойында, қалалық мәдени-демалыс паркінде мерекелік шаралар мен жастардың патриоттық акциялары өтеді. Сондай-ақ, «Туымыз – төрімізде» республикалық акциясы қаланың орталық көшелері мен шағын аудандарында орналасқан тұрғын үйлерде, ірі сауда орталықтарында ұйымдастырылады.

– Нұр-Сұлтан қаласында «Көк тулың желбірегені» атты республикалық патриоттар форумы өтеді. Бұл шараға облыстан жастар арасында шахматтан Әлем чемпионы Назерке Нұрғали, жырышы-термеші Марат Сүгірбай, химия ғылымдарының кандидаты, профессор Нұрбол Аппазов, дәрігер-реаниматолог Алмаз Әбдіхалық қатысады. Мақсат – Мемлекеттік рәміздердің 30 жылдығына арналған айтулы іс-шараларды лайықты ұйымдастыру арқылы рәміздерге деген ерекше құрметті оятуға ықпал ету. Бұл – Мемлекет басшысы айқындаған Жаңа Қазақстанды құру жолындағы маңызды қадам, – деді Ш.Байманов. 1-бет

Рәміздер – ұлт мақтанышы



Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің Мұстафа Шоқай ғылыми орталығында Мемлекеттік рәміздердің 30 жылдығына арналған «Мемлекеттік рәміздер – Тәуелсіздіктің символы» атты ғылыми-тәжірибелік конференция өтті. Оған облыстық қоғамдық даму басқармасының басшысы Мира Қазбекова, оқу орнының әлеуметтік және тәрбие жұмыстары жөніндегі проректоры Жандос Базартай және ғалымдар қатысты.

Басқосуда еліміздің Әнұраны шырқалды. Пленарлық басқосуды жүргізген М.Қазбекова жиналғандарды Мемлекеттік рәміздердің қабылданғанына 30 жыл толуымен құттықтап, атаулы күннің маңызы жөнінде баяндама жасады. – Елтанба, Ту мен Әнұран – еліміздің тарихынан сыр шер-

тетін, халқымыздың рухын, ұлттық салт-сананың, қаһармандығы мен даналығын, болашаққа үмітін, арман-тілегін жеткізетін ерекше құнды белгілер, тәуелсіз мемлекеттің басты символдары. «Туың жығылмасын» деп бата берген дана халқымыз үшін көтерілген байрақ – елдік пен бірліктің нышаны.

Тәуелсіз еліміздің Елтанба авторларының бірі жерлесіміз, танымал сәулетші Жандарбек Мәлібеков. Сала басшысы Сыр халқы тарихи тулғаны мақтан ететінін жеткізді. – Сыр бойының халқы тәуелсіз еліміздің Елтанбасы авторларының бірі жерлесіміз, танымал сәулетші

Жандарбек Мәлібеков екенін ерекше мақтан тұтамыз. Елдігіміздің айшықты танбасының авторы Жандарбек Мәлібековты биыл мерейлі 80 жасқа толды. Ұлтымыздың мақтанышы, ұлы туынды иесінің мерейтойын дүйім ел болып атап отуде және Сыр елі де өз перзентін ұлықтауға бағытталған патриоттық акциялар, көрмелер мен танымдық сағаттар өткізуде. Елтанба авторының есімі берілген сәулеткер көбелеу. Бұл да – тау тұлғалы жерлесімізге көрсетілген ерекше құрмет, – деді басқарма басшысы.

Мұнан соң университет ғалымдары Баймырза Қожамбердиев, Ақсада Мадалиева, Аманкүл Әзірбекова, Беллат Апенон және Нұрлыбек Қолмағамбетов, Бақытжан Ахметбек рәміздердің тарихы мен маңызы туралы ғылымды баяндама оқыды.

Мемлекеттік нышандардың жас ұрпақты отан-сүйгіштікке тәрбиелеуде алар орны ерекше. Сондықтан мемлекетіміздің Туын, Елтанбасын, Әнұранын қастерлеп, құрметтеу шаралары жалғаса бермек.

«СБ» ақпарат

● ДЕНСАУЛЫҚ

Қазалыдағы томография орталығы

Қазалы аудандық теміржол ауруханасының тарихы тым тереңде. Құбыл Ршымбетов басқаратын аурухана заманауи құрылғылармен қамтылған. Бұл жерде жалғыз Қазалы ауданының ғана емес, көршілес Арал, Қармақшы аудандарының тұрғындары да емделеді.

Жұмбаек ТАБЫНБАЕВ, «Сыр бойы»

Жуырда мұнда магнитті-резонанстық томография және компьютерлік томография орталығы ашылды.

Жаңа орталықтың ашылу салтанатына облыстық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Сәбит Пазылов, Қазалы ауданының әкімі Мұхтар Оразбаев, аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Оразғали Бекбаев қатысты. Аурухана басшысы жаңадан ашылған орталықпен қонақтарды

таныстырды. Құрылғылардың жаңа мүмкіндіктерін көрсетті. Аудан әкімі құттықтау сөз сөйлеп, дәрігерлер жұмысына сәттілік тіледі.

Өздеріңізбен қуанышты жағдайда кездесіп отырмыз. Осы жерде аудандағы алғашқы МРТ орталығы ашылып отыр. Бұған дейін аудан тұрғындары томографияға түсу үшін облыс орталығына баратын. Бұл уақытты және қосымша қаржыны



талап етеді. Енді қазалылықтар бұл тауқыметтен құтылады. МРТ орталығының қызметкерлері арнайы оқытудан өткен. Бір сөзбен айтқанда, аудан халқына қызмет көрсетуге дайын, – деді Мұхтар Әуесұлы.

Облыстық денсаулық сақтау басқармасының басшысы да әріптестеріне жылы лебізін жеткізді.

Аурухана басшысының айтуынша, Оңтүстік Корея және австриялық заманауи құрылғының мүмкіндігі өте жоғары. Ол арқылы жүйке, тірек-қимыл жүйесі, омыртқаның және жұлынның туа бітті патологиялары, акушерлік-гинекологиялық ауруларды анықтай алады.

Қазалы ауданы

